

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттары

2024 жылғы 23 сәуірдегі
№ ДС-169

Құрметті депутаттар!

Газбен жабдықтау мәселелеріне қатысты сіздің сұрауыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Техникалық шарттардың үлгілік нысанын сақтауға қатысты

«Табиғи монополиялар туралы» Заңға сәйкес техникалық шарттар табиғи монополия субъектісінің қосылатын желілеріне, материалдарға, жабдыққа, құрылғыларға, есепке алу аспаптарына қойылатын талаптардың толық тізбесін айқындауға тиіс.

Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген газбен жабдықтау саласындағы желілерге қосылуға арналған техникалық шарттардың үлгілік нысаны (бұдан әрі – үлгілік нысан) 7 тармақтан тұрды (1) объектінің атауы, (2) жылытылатын алаң, (3) газ жабдығы, (4) газ шығыны, (5) газ құбыры, (6) газ құбырының диаметрі, (7) Газ қысымы), бұл «Табиғи монополиялар туралы» Заңның жоғарыда көрсетілген талаптарына сәйкес келмеді.

Осыған байланысты заңнаманың талаптарына сәйкес келтіру және Жоғарғы Соттың ұсынымдарын орындау үшін ағымдағы жылғы 22 сәуірде Ұлттық экономика министрлігі үлгілік нысанға толықтырулар енгізді. Бүгінгі таңда үлгілік нысан 17 тармақтан тұрады.

Бұл ретте, Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – ҰЭМ ТМРК) тұтынушылардың өтініштері негізінде техникалық шарттардың үлгілік нысанға сәйкес келмеуі бөлігінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (бұдан әрі – ҚТГА) қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізеді.

Мәселен, 2023-2024 жылдар аралығында ҚТГА филиалдарына қатысты жалпы сомасы 17,7 млн теңгеге жол берілген бұзушылықтар үшін әкімшілік істер қозғалды. Техникалық шарттардың үлгілік нысанын сәйкестендіру жолымен бұзушылықтарды жою туралы 18 ұйғарым енгізілді.

Газға қосылу үшін ақы алуға қатысты

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға сәйкес газ жабдығын газға қосуды газ тарату ұйымы жүзеге асырады, ал газбен жабдықтау жүйелерінің

объектілерін газ құбырына қосуға байланысты шығыстар газбен жабдықтау жүйелерінің қосылатын объектілерінің иелері есебінен жүргізіледі.

Сонымен қатар, «Табиғи монополиялар туралы» Заңның 24-бабының 10-тармағына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізу кезінде табиғи монополия субъектісіне газға қосылуға техникалық шарттарды сақтаудан басқа, тұтынушыға өзге талаптар қоюға тыйым салынады.

Бүгінгі күні газды реттеліп көрсетілетін қызметтерге қосу жөніндегі қызметтерді жатқызу жөніндегі мәселені реттеу мақсатында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі салалық министрліктермен бірлесіп реттеліп көрсетілетін қызметтермен техникалық өзара байланысты реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту жөніндегі мәселелерді талқылауда. Аталған қызметтердің бағасын Ұлттық экономика министрлігі салалық министрліктермен бірлесіп бекітеді деп жоспарлануда.

Бас прокуратураның талаптарын орындау шеңберінде ҰЭМ ТМРК департаменттері табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнаманың газ құбырына қосу үшін ақы төлеу және газды пломбалау және алғашқы іске қосу қызметтері үшін ақы алу талаптары бөлігінде талаптарын бұзу бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізеді.

Осы қызметтер үшін негізсіз есептеулер сомасы шамамен 1,2 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, ҚТГА филиалдарына қатысты жалпы сомасы 79,5 млн теңгеге жол берілген бұзушылықтар үшін әкімшілік істер қозғалды.

Бұдан басқа, ҰЭМ ТМРК департаменттері ҚТГА филиалдарының атына негізсіз есептелген сомаларды қайтару және газды құю, пломбалау және бастапқы іске қосу қызметтері үшін ақы алу бойынша практиканы тоқтату жолымен заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар енгізді.

Газбен жабдықтау жөніндегі жобаларға мемлекеттік сараптамадан өту жөніндегі талапқа қатысты

Газға қосылу рәсімін оңайлату мақсатында 2023 жылғы маусымда Үкімет газ және газбен жабдықтау саласындағы тиісті нормативтік-құқықтық актілерге ұсынылатын құжаттардың санын тұрмыстық тұтынушылар үшін 9-дан 6-ға дейін және заңды тұлғалар үшін 9-дан 7-ге дейін төмендету бойынша өзгерістер енгізді.

Анықтама:

Тауарлық және сұйылтылған газды бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларына сәйкес тұрмыстық тұтынушы тарапынан тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шартын жасасу үшін 6 құжат қажет (газбен жабдықтау жобасы, газ тұтыну жабдығына паспорт, газ тұтыну жүйесін пайдалануға қабылдау актісі, газ құбырының құрылыс паспорты, желдету арналары мен түтін мұржаларын тексеру актісі, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетудің жасалған шарты), заңды тұлғалар тарапынан – 7 құжат (газбен жабдықтау жобасы, газ тұтыну жабдығына паспорт, газ тұтыну жүйесін пайдалануға қабылдау актісі, газ құбырының құрылыс паспорты, желдету арналары мен түтін мұржаларын тексеру актісі, газбен жабдықтау жүйелері объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетудің жасалған шарты).

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңға сәйкес техникалық жағынан күрделі емес объектілерге (0,3 МПа дейінгі қысыммен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы газ тарату жүйелерінің объектілері, әкімшілік-тұрмыстық, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар биіктігі 2 жер

қабатынан аспайтын) тұрмыстық мақсаттағы газбен жабдықтаудың алаңішілік желілерін жүргізу және үйішілік жүйелерін монтаждау үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу талап етілмейді, сондай-ақ эскиздік жобалар бойынша, мұнда меншік иесі жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша алаңішілік желілерді салуды және тұрмыстық мақсаттағы газбен жабдықтаудың үйішілік жүйелерін жеке тұрғын үйлерді монтаждауды жүзеге асыра алады.

Осыған байланысты тұрмыстық тұтынушылардан ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өтіп, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу талап етілмейді.

Сонымен қатар, техникалық жағынан күрделі объектілерге (*қысымы 0,3 МПа-дан 1,2 МПа-ға дейінгі газ тарату жүйелерінің объектілері, биіктігі 12 қабатқа дейінгі әкімшілік-тұрмыстық, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар*) тұрмыстық мақсаттағы газбен жабдықтаудың үйішілік желілерін жүргізу және үйішілік жүйелерін монтаждау үшін жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өтіп, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу қажет.

Жалпы, газбен жабдықтау мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Р. Скляр

*Исп.: Ш. Шайкенов
Тел.: 74-53-43*